

**МЕРЕЙТОЙ
ЮБИЛЕЙ
ANNIVERSARY**

БІЛГЕНДЕРДІҢ СӨЗІНЕ МАХАББАТПЕН ЕРГЕН...

(Ғалым, грамматикограф Ж.Н. Жүнісова жөнінде)

Кезінде республикадағы екінші классикалық университет ретінде ашылған жоғары оқу орны — Қарағанды университеті. Қазақстанның білім жүйесі, ғылымы, қоғамдық өмірі, мәдениеті, экономикасы, өнеркәсібі сияқты барлық салаларын білімді, білікті, заман талабына сай техника мен технологияның түрлі жетістіктерін игерген мамандармен ұзақ жылдар қамтамасыз етіп келеді. Оның алғашқы түлектерінің көбі қазір ғылым докторы, атақты ғалым ретінде өз саласының майталманы болып жүргені де рас. Университетіміздің сондай түлектерінің бірі де бірегейі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі Жаңылдық Нығызбайқызы Жүнісова мерейлі жасқа келіп отыр.

«Филология шын мәнінде зауықтың ісі (Филология по сути дело праздное)» деген Б. Окуджаваның сөзі рас болса да, қолға ұстап көрсететін бұйым, затпен жұмыс істемейтін тілші-ғалымдардың, филологтердің зерттеулері үнемі оқу, ескі және жаңа сөзді жинау, оның түрленуі, сөздіктегі мағынасы мен күнделікті ресми, бейресми, көркем коммуникациядағы қолданыстағы мәнін ашу, эмоционалды, стилистикалық-функционалдық бояуын зерделеу, тілдік ахуалға байланысты саралануын анықтау т.б. сияқты әрі интеллектуалдық, әрі психикалық, әрі физиологиялық энергияны қажет ететін еңбек екені рас. Қазақ және қазақстандық филологтердің осындай еңбегінің нәтижесінде тіл білімі, әдебиеттану, фольклор, теориялық және қолданбалы лингвистиканың барлық саласында көптеген іргелі еңбектер жазылып, жаңа ғылыми бағыттар қалыптасып, болашақта қажеттілігі артатын ізденістерге жол ашылды.

Өткен ғасырдың 90-жылдарында қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде қажеттілігі өте жоғары болған саланың бірі — қостілді лексикография болды. Осы саланың көрнекті өкілі деп Жаңылдық Нығызбайқызы Жүнісованы атауға болады.

Хакім Абайдың айтуынша, «Адамның адамшылығы — ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», яғни Жаңылдық Нығызбайқызының адам, білікті маман, белгілі ғалым болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесі, ұстаздардың кеңесі, өзінің зерек ақылы мен ғылыми ортасы ықпал етіп, себеп болды.

Адамның туған, өскен, ұшқан ұясы — отбасындағы мейірім-жылылық, бір-біріне көрсететін қолдау, әділеттілік, шынайылық — сайып келгенде, оның айналасындағы барша жанға, кейінгі өмір жолына, ортасына, істеген кәсібіне, өмірлік ұстанымына қарым-қатынасын қалыптастыратыны белгілі. Бұл орайда Жаңылдың ата-анасы отбасындағы 6 баласының өмірде өз орнын табуы үшін қолынан келгенді жасап, оларды үнемі алға, жетістікке бағыттап отырды. Соған орай балалардың әрқайсы, оның ішінде Жаңылдық та, мектепте жақсы оқып, бойындағы қабілетін ұштап, жұбайынан ерте айрылған анасы Мәкиданың үмітін ақтауға барын салды.

Ғалымның салғастырмалы-типологиялық тіл білімі саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысының басы деп Қарағанды университетінің жалпы тіл білімі кафедрасында филология ғылымдарының кандидаты, профессор Ә.А. Чукуевтің жетекшілігімен жазған дипломдық жұмысын атауға болады. Содан бері зерттеуші-стажер (1983-85), аспирант (1985-1989), докторант (1998-2001) ретінде қазақстандық жетекші ғалымдардың ақыл-кеңесі, жетекшілігімен отандық тіл білімінің қолданбалық қажеттілігі жоғары, алайда зерттелуі кемшін болып жатқан саласына бет бұрып, нәтижелі еңбек етіп келеді.

Ж.Н. Жүнісова белгілі лексикограф, түрколог В.А. Исенғалиеваның жетекшілігімен қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларында Қазақстанда шығып жатқан қостілді сөздіктерді жасаудың теориялық мәселелерімен қатар, грамматикалық құбылыстардың осы сөздіктердегі нақты берілу жолдарын қарастырып, соның нәтижесінде лексикографияда жаңа ғылыми бағыт — салғастырмалы грамматикографияны негіздеп, оның қалыптасуына жол ашты. Бұл орайда ғалымның

«Категория глагольного времени в грамматикографии» (Қарағанды, 2001) еңбегін ерекше атау керек. Сонымен қатар Л.Ж. Лесбекованың «Лексикографическое оформление префиксальных существительных в русско-казахских словарях (1954,1978, 1981 гг.)» (Алматы, 2011); А.К. Жумабекованың «Основы системного описания лексики казахского и русского языков» (2016), сондай-ақ «Исследования по двуязычной лексикографии» (София, 2018) ұжымдық монографияларын атауға болады.

Әрине, еш нәрсе жоқтан пайда болмайды, ғылымда да солай. Ғалымның өзі қарастырып жүрген саласында соны ізденістерге барып, тың тұжырымдарға келуіне ғылыми кеңесшісінің еңбектері, пікірлері мен Ш.Ш. Сарыбаевтың бұрын жарық көрген, лингвистердің бірнеше буынына таныс «Казахская региональная лексикография» (Алма-Ата, 1976) зерттеуінің ықпалы зор болды. Сондай-ақ ғалымның ұстанған бағытының дұрыс, ал зерттеу нысанының өзекті екенінің бір көрінісі ретінде М.Ш. Мұсатаеваның қостілді сөздіктер жасаудың жалпы мәселелерін қарастырған «Двуязычная лексикография: тенденции и перспективы» (Алма-Ата, 1999) монографиясын атауға болады, яғни қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдай, тілдік саясат, қоғамдық сұраныс, коммуникативтік мүдде қостілді сөздіктердің нақты сөйлеу тәжірибесіндегі маңызы қашанда жоғары болатынын көрсетті.

Білікті маман ретінде Ж.Н. Жүнісова білім жүйесінің түрлі деңгейінде оқу-әдістемелік, сараптау, насихаттау жұмыстарына белсене қатысып, маман даярлау ісіне атсалысуда, яғни «Оқулық» орталығының, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының сарапшысы ретінде жұмыс атқарды; түрлі мекемелердің тапсырысымен, атап айтқанда, ҚР Жоғарғы сотының ведомствоаралық жұмыс тобында әрқилы құжаттарға, лингвистикалық сараптама жасады; Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің мүшесі ретінде жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық, оқу құралдарына сараптау жұмыстарын жүргізді; Қарағанды, Түркістан, Көкшетау қалаларында ЖОО-да мемлекеттік аттестату комиссиясының төрағасы ретінде түлектер білімін саралады; оның ғылыми жетекшілігімен диплом жұмыстары, кандидаттық, магистрлік, Ph докторлық диссертациялар жазылып, қорғалды; Еуразия ұлттық, Абылай хан атындағы әлем тілдері және халықаралық қатынастар, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеттері жанындағы Диссертациялық кеңес мүшесі ретінде жас мамандарды дайындауға қатысуда.

240-тан астам ғылыми жұмыстың, елімізде және шетелде шыққан 7 монографияның, 5 оқу құралының, авторлық куәліктің, 5 қостілді сөздіктің авторы және телавторы Ж.Н. Жүнісованың ғылыми қызығушылығы салғастырмалы грамматикографиямен шектеліп қалмаған, яғни ол мәтін лингвистикасы, лексикология, салғастырмалы тіл білімінің түрлі аспектілері, лингводидактика, лексикография, фразеография мәселелері бойынша өзіндік пікірін тиянақты, тұжырымды түрде әр алуан семинарларда, конференцияларда, еңбектерінде ұсынып жүр. Соның бір мысалы деп оның ұзақ жылдар бойы Санкт-Петербург және Грайсфальд университеттерінің профессоры В.М. Мокиенко жүргізетін фразеографиялық семинарға белсене қатысып, өзімен бірге қазақстандық жас мамандарды да ғылым әлеміне бағыттауын атап айтуға болады.

Ғалым жақын және шалғай шет ел (Россия, Беларусь, Украина, Өзбекстан, Венгрия, Болгария, Греция, Сербия, Польша, Чехия, Румыния, Германия, Иран, Түркия) зерттеушілерімен ғылыми-шығармашылық байланыс орнатқан.

Ғылыми әлеуеті жоғары ғалым бірнеше жыл Қарағанды университеті Хабаршысының Филология сериясында редактор, редколлегия мүшесі болды, ал қазір рецензияланатын отандық және шетелдік 5 журналдың редакциялық алқасында қызмет атқарады (Россия — Москва, Магнитогорск), Болгария (Шумен), Түркия (Стамбул, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы).

Хакім Абайша, «Адамшылықтың алды — махаббат, ғаделет, сезім. Бұл махаббат, ғаделет, сезім кімде көбірек болса, ол кісі — ғалым», олай болса, өскен ортасы мен айналасынан бойына сіңірген махаббат, әділет, сенім-сезім өмірлік, кәсіби, ғылыми жолында жеке басының іс-әрекеті, моральдық-этикалық ұстанымы, адами қарым-қатынасында үнемі байқалатын Жаңылдық Нығызбайқызы — ҒАЛЫМ!

Ғалымға денсаулық, шығармашылық табыспен 80-нен секіріп өтіп, 90-ға тоқтамай өтуге тілектеспіз.

*А.С. Адилова, филология ғылымдарының докторы, профессор,
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті*